

Ақпарат ақшамал

№ 131 (5480)

9 қараша, Бейсенбі, 2017 жыл

6-шы бет

Ақпараттық сауаттылықты дамыту — уақыт талабы

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология және өлем тілдері факультетінің шет ел филологиясы және аударма ісі, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының мамандары шет елдің 14 алпауыт университеттерімен бірлесіп жұмыс атқаруда. 2016 жылдан бері шетелдік және отандық еріптестердің қатысуымен бірқатар басқосулар өтті.

Мұндай жиындар «Үздіксіз білім алу мен үнемдеуге арналған трансаймақтық ақпараттық сауаттылық (Developing Trans-regional information literacy for lifelong learning and knowledge economy)» атты «Еразмус+» халықаралық бағдарламасы аясында жүзеге асты. Мәселен, 2017 жылдың наурыз, мамыр айларында Петрозаводск (Ресей), Пекин (Қытай) қалаларында кездесулер өтіп, мұнда серіктес университеттер жобаның негізгі мақсат-міндеттерін оңтайлы іске асыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды. Жобаның негізгі мақсаты – ақпараттық кеңістіктің мүмкіндіктерін сауатты пайдалану арқылы ғалымдардың өлеуеттілігін арттырып, олардың зерттеулерін өлемге таныту. Сондай-ақ, ағылшын тіліндегі ақпараттарды пайдалану мүмкіндіктерін үйрету және осыған жас ғалымдарды машықтандыру. Бұл өз кезегінде отандық ғалымдарды өлемдік

деңгейде танытуға септігін тигізері сөзсіз. Жобаға Германия (Дрезден технологиялық университеті), Қытай, Ирландия (Лимерик технология институты), Словакия (Константин Философ университеті), Прибалтика, Ресей Федерациясы (Петрозаводск мемлекеттік университеті), Қазақстан жоғары оқу орындары Алматы (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ), Астана (С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеті), Қостанай (А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті) және олардың кітапхана қызметкерлері қатысуда.

2017 жылдың қазан айында барлық серіктес университеттер Ирландияның Лимерик қаласындағы Лимерик технологиялық университетінде бас қосты. Аталған отырыста «Кітапхана қызметкерлерін оқытудың оқу бағдарламасын талқылау, ақпараттық сауаттылықты насихаттаудың маркетингтік стратегиялары» атты мәселелер талқыланды. Бұл жобалар білім саласындағы түрлі тәжірибелерді салыстыра отырып, оңтайлы тұстарын өз саламызда қолдануға мүмкіндік береді.

Шет ел филологиясы және аударма ісі кафедрасының
Д.А.КАРАҒОЙШИЕВА,

РнД және тарих факультетінің өлем тарихы, тарихнама менгерушісі,
Г.С.СҰЛТАНҒАЛИЕВА, д.ф.н., профессор,
және деректану кафедрасының менгерушісі.